

**«QazTrack» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алу сервисіне
қол жеткізуді ұсыну бойынша № __/25
үлгілік пайдаланушылық келісім**

Осы «QazTrack» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алу сервисіне қол жеткізуді ұсыну бойынша үлгілік пайдаланушылық келісім (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу шарты болып табылады және 2024 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің № 91 бұйрығына сәйкес, мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторы болып айқындалған «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Оператор) және мұнай өнімдерін өндіруін және олардың айналымын (сатып алуды, сақтауды, көтерме және бөлшек саудада өткізуді, жөнелтуді, тасымалдауды, экспорттауды және импорттауды) жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (бұдан әрі - Пайдаланушы), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғалар, бұдан әрі бірлесіп - Тараптар деп аталатындар арасындағы қарым-қатынасты реттейді.

Осы Келісім жария офертасы болып табылады. «QazTrack» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алу сервисіне (бұдан әрі – Сервис) қол жеткізуді ала отырып, Пайдаланушы осы Келісімнің барлық шарттарына қосылған және оларды қабылдаған болып есептеледі.

1. Келісімнің мәні

1.1. Пайдаланушы Qoldau.kz веб-порталында (бұдан әрі - Портал) Пайдаланушының жеке шотын / есепке алу жазбасын ашу мен жүргізу арқылы Сервиске қол жеткізуді ұсыну бойынша міндеттемелерді осы Келісімде көзделген мерзімде, көлемде және тәртіпте тапсырады, ал Оператор өзіне қабылдайды.

1.2. Осымен Пайдаланушы Сервисті адал пайдалану Пайдаланушының Қазақстан Республикасында мұнай өнімдерін өндіруін және олардың айналымын қадағалануын арттыру, Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұтынушылардың қоршаған орта мен халықтың денсаулығы үшін сапалы және қауіпсіз мұнай өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандыру, көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, оның ішінде заңсыз және сапасыз өнімнің өндірісі мен айналымының деңгейін төмендету және салық міндеттемелерін орындаудан жалтаруға жол бермеу бойынша мемлекеттік мақсатқа қол жеткізуге жәрдемдесуге қатысуын көздейтініне келіседі.

2. Оператордың құқықтары мен міндеттері

2.1. Оператор:

2.1.1. Сервисті тәулік бойы ұсынуға. Сервиске кіретін қызметтердің тізбесі осы Келісімнің 4-бөлімінде көрсетілген;

2.1.2. Пайдаланушының коммерциялық құпиясын білдіретін мәліметтерді жария етпеу, егер олар Сервисті ұсыну кезінде өзіне белгілі болса, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды ақпараттық жүйеде өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

2.2. Оператор:

2.2.1. Пайдаланушы және оның Сервистегі операциялары туралы материалды және (немесе) ақпаратты салық заңнамасын және қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымы саласындағы заңнаманы бұзу фактілері анықталған жағдайда уәкілетті органдарға беруге;

2.2.2. Пайдаланушының сенімді тұлғасы ретінде оның дербес деректерін (коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді) алу үшін, оның ішінде дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес сервистерін пайдалана отырып, қауіпсіздік токенін алуға құқылы.

3. Пайдаланушының құқықтары мен міндеттері

3.1. Пайдаланушы:

3.1.1. электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) Сервисте тіркелуге;

3.1.2. контрагент туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мәліметтерді жария етпеу, егер олар Сервиспен жұмыс істеу кезінде оған белгілі болса, осындай мәліметтерді қамтитын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3.1.3. Оператордың осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін Операторға ақпаратқа қажетті қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

3.1.4. Оператормен келісім бойынша Сервисті пайдалана отырып операцияларды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде оны пайдалана отырып, заңсыз операцияларды жасау мүмкіндігін болдырмау үшін қажет болатын шамада жұмыстың ішкі қағидасын түзетуге;

3.1.5. құрамында вирустар немесе басқа да зиянды бағдарламалық қамтамасыз ету бар материалды пайдаланбау, ақпарат тасымалдағышта қол жеткізу құпиясөзін жазбау, алынған қол жеткізу сәйкестіндіргішін үшінші тұлғаға бермеу, өз ЭЦҚ пайдалануға міндетті;

3.1.6. осы Келісімнің 5-бөліміне сәйкес Оператордың қызметтері үшін төлем енгізуге.

3.2. Пайдаланушы:

3.2.1. Портал немесе мобилді қосымша арқылы Сервиске қол жеткізуге;

3.2.2. Сервистің электрондық әмияны арқылы мұнай өнімдерінің жекелеген түрлеріне акцизге ақы төлеуге;

3.2.3. Сервисті пайдалана отырып, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алу мен қадағалау бойынша пилоттық жобаға қатысуға құқылы.

4. Сервисті ұсыну тәртібі

4.1. Сервис келесі функционалды қосады:

4.1.1. Оператордың Пайдаланушыға Порталдағы Жеке кабинетте (бұдан әрі – Жеке кабинет) Пайдаланушының жеке шотын / есепке алу жазбасын ашу және жүргізу арқылы Сервиске қол жеткізуді ұсынуы;

4.1.2. Пайдаланушының осы Келісімге Қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2015 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің № 4 бұйрығымен белгіленген мәліметтерді көрсете отырып, Келісімге қосылуға өтінім (бұдан әрі – Өтінім) беруі;

4.1.3. Сервистің мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялық өзара іс-қимылы арқылы Пайдаланушы және төлем құжаттары туралы деректерді автоматты түрде тексеруге;

4.1.4. Оператор ұсынған деректерді қабылдау нүктесі (әмбебап API-интерфейс) арқылы мұнай өнімдерін есепке алудың бақылау аспаптарының деректерін Пайдаланушының автоматтандырылған онлайн-беруі;

4.1.5. жұмыс уақытында кеңес беру желілерін ұсыну - нақты уақыт режимінде Сервиспен жұмыс істеу бойынша сұраққа жауап алу мүмкіндігі, олар:

- Сервистің бағдарламалық қамтамасыз етудің өзекті нұсқасы бойынша көрсетіледі;

- сағат 09:00-ден бастап 18:00-ге дейін (Астана қ. уақыты бойынша), түскі ас сағат 13:00-ден бастап 14:00-ге дейін Сервисте көрсетілген байланыс арнасы (telegram-чат) арқылы беріледі.

4.2. Сервистің дамуына қарай оған кіретін қызметтер тізбесін Оператор өзгерте/кеңейте алады.

4.3. Пайдаланушы, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Сервисте және Порталда өзінің дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге келісім береді.

Пайдаланушы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 45-бабына және «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес салық құпиясын ашуға келісім береді.

5. Оператор қызметтерінің құны, есеп айырысу тәртібі мен мерзімдері

5.1. Оператордың қызметтеріне ақы төлеу 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Сервиске қосылған кезде, Сервиске қол жеткізудің жыл сайынғы ұзартылуы не осы Келісімге Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пайдаланушы Жеке кабинетте Өтінім қалыптастырған кезде Оператор қойған төлем шотының (Сервис жасаған) негізінде Сервиске қол жеткізуді қалпына келтіру кезінде жүргізіледі.

5.2. Пайдаланушы Оператордың қызметтері үшін Порталда ашық қол жеткізуде жарияланған Баға тізбесіне сәйкес төлейді.

5.3. Төлем осы Келісімнің 9-бөлімінде көрсетілген деректемелер бойынша Оператордың банктік шотына жүргізіледі.

5.4. Көрсетілген қызметтер актісін Оператор Пайдаланушы Өтінімге қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде тек қана Жеке кабинетте қояды.

5.5. Көрсетілген қызметтер үшін шот-фактураны Оператор электрондық нысанда жазып береді және esf.gov.kz веб-сайтта шот-фактураларды қабылдау және өңдеу бойынша ақпараттық жүйеде жарияланады.

5.6. Сервисті пайдаланғаны үшін төлем болмаған кезде немесе Пайдаланушыда берешек болған кезде Оператор Пайдаланушының Жеке кабинетіне қол жеткізуді шектеу арқылы Сервиске қол жеткізуді ұсынудан бас тартады/тоқтатады. Қызмет көрсету Пайдаланушы берешекті толық төлегеннен/өтегеннен кейін қайта басталуы мүмкін.

6. Келісімнің қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі

6.1. Келісім Өтінім берілген сәттен бастап күшіне енеді және ағымдағы қаржы жылы ішінде қолданыста болады.

6.2. Оператор Келісімді Оператордың шешімі бойынша кез келген уақытта біржақты тәртіппен өзгерте алады. Пайдаланушыға және/немесе мемлекеттік органдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша бастамасы ғана біржақты тәртіппен өзгертуге негіз бола алады.

6.3. Келісімді Оператор немесе Пайдаланушы кез келген уақытта біржақты тәртіппен бұзуы мүмкін.

7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

7.1. Тараптардың ешқайсысы Тараптардың еркі мен тілегінен тыс туындаған және болжауға немесе болдырмауға болмайтын форс-мажорлық жағдайларға байланысты осы Келісім бойынша міндеттемелерді кешіктіргені немесе орындамағаны үшін екінші Тараптың алдында жауап бермейді.

7.2. Осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамайтын Тарап өз міндеттемелерін орындауға кедергі және оның әсері туралы екінші Тарапқа хабарлама жіберуге тиіс.

8. Даулы мәселелерді шешу

8.1. Осы Келісім бойынша немесе оған байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулар немесе келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

8.2. Келіспеушілікті келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда олар заңнамада белгіленген тәртіппен Оператордың орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

9. Оператордың заңды мекенжайы мен деректемелері

«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ

010000, Астана қ., Республика даңғылы, 29-үй, БСН: 050540004455,

«Қазақстан Халық банкі» АҚ, КБе: 16

БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ646010111000242071.

«QazTrack» мұнай өнімдерінің
жекелеген түрлерін есепке алу сервисіне
қол жеткізуді ұсыну бойынша үлгілік
пайдаланушылық келісімге
қосымша

«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ
010000, Астана қ., Республика даңғылы, 29-үй

**«QazTrack» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алу сервисіне
қолжеткізуді ұсыну бойынша үлгілік пайдаланушылық
келісімге қосылу
өтінімі № ЖСН/БСН-_____**

Осымен _____,

(мемлекеттік және (немесе) орыс тіліндегі толық атауы)

бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын, «QazTrack» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алу сервисіне қол жеткізуді ұсыну бойынша «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ–мен Үлгілік пайдаланушылық келісімге (бұдан әрі-Келісім) қосылады, сондай-ақ «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ–мен бекітілген және Qoldau.kz веб-порталында ашық қол жеткізуде жарияланған Келісімде белгіленген талаптарды орындауға міндеттенеді.

Менің Жеке кабинетімде Келісімнің 4-бөлімінде көзделген функцияларды орындау мүмкіндігін іске асыруды сұраймын.

Пайдаланушының деректемелері:

1. Қысқаша атауы / тегі, аты, әкесінің аты: _____
(Жарғыға сәйкес)

2. Сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН): _____

3. Заңды мекен жайы: _____
(пошта индексі) (анықтамаға / мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес)

4. Нақты мекен-жайы: _____
(пошта индексі) (егер ол заңды мекен-жайдан өзгеше болса)

5. Телефон/Факс: _____
(елді мекен кодын қоса алғанда)

6. Электрондық пошта және басқа байланыс әдістері: _____

7. Банктік деректемелер: _____
(қызмет көрсететін банктің атауы және деректемелері)

Банктік сәйкестендіру коды (БСК): _____

Бенефициар коды (КБЕ): _____

Жеке сәйкестендіру коды (ЖСК): _____

8. Қызмет түрлері:

☐ өндіріс;

☐ мұнай өнімдері (резервуар) деректер қорынан көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу;

☐ мұнай өнімдері (резервуар) деректер қорынан көтерме саудада өткізу;

☐ мұнай өнімдері (резервуар) деректер қорынан бөлшек саудада өткізу;

☐ автожанармай құю станциясынан бөлшек саудада өткізу;

9. Мұнай өнімі түрлері:

- ☐ бензин (авиациялық басқа);
- ☐ дизель отыны;
- ☐ газохол;
- ☐ бензано́л;
- ☐ нефрас;
- ☐ жеңіл көмірсутектер қоспасы;
- ☐ экологиялық отын;
- ☐ авиациялық отын;
- ☐ мазут;
- ☐ жол битумы.

10. Қызметтің басталғаны туралы хабарламаның күні мен нөмірі:

1) өндіріс бойынша: ____ №____;

2) көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу бойынша: ____ №____.

11. Пайдаланушы / Пайдаланушының бірінші басшысы: _____

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты және ЖСН)

Пайдаланушы Келісіммен танысқанын растайды және оның шарттарын орындауға міндеттенеді және Келісімге кейіннен енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды.

Пайдаланушы қол қойған және жіберген 20__ жылғы «__» ____ сағат 00:00:

ЭЦҚ деректері (ЭЦҚ-ға қол қойылған күні мен уақыты).

**Типовое пользовательское соглашение № __/25
по предоставлению доступа к Сервису учета отдельных видов
нефтепродуктов «QazTrack»**

Настоящее Типовое пользовательское соглашение по предоставлению доступа к Сервису учета отдельных видов нефтепродуктов «QazTrack» (далее – Соглашение) является договором присоединения в соответствии со статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан и регулирует взаимоотношения между акционерным обществом «Информационно-учетный центр», определенным оператором данных контрольных приборов учета в сфере производства и оборота нефтепродуктов (далее – Оператор) в соответствии с приказом Министра финансов Республики Казахстан от 20 февраля 2024 года № 91, и индивидуальным предпринимателем или юридическим лицом, осуществляющим производство и оборот (приобретение, хранение, оптовую и розничную реализацию, отгрузку, транспортировку, экспорт и импорт) нефтепродуктов (далее – Пользователь), а также третьими лицами в соответствии с законодательством Республики Казахстан, далее совместно именуемыми – Стороны.

Настоящее Соглашение является публичной офертой. Получая доступ к Сервису учета отдельных видов нефтепродуктов «QazTrack» (далее – Сервис), Пользователь считается присоединившимся и принявшим все условия настоящего Соглашения.

1. Предмет Соглашения

1.1. Пользователь поручает, а Оператор принимает на себя обязательства по предоставлению доступа к Сервису посредством открытия и ведения лицевого счета / учетной записи Пользователя на веб-портале Qoldau.kz (далее – Портал) на срок, в объеме и порядке, предусмотренных настоящим Соглашением.

1.2. Пользователь настоящим соглашается, что добросовестное использование Сервиса предполагает участие Пользователя в оказании содействия достижению государственных целей по повышению прослеживаемости производства и оборота нефтепродуктов в Республике Казахстан, обеспечению экономической безопасности Республики Казахстан, удовлетворению спроса потребителей в качественных и безопасных для окружающей среды и здоровья населения нефтепродуктах, снижению уровня теневой экономики, в том числе снижению уровня производства и оборота нелегальной и некачественной продукции и предотвращению уклонения от исполнения налоговых обязательств.

2. Права и обязанности Оператора

2.1. Оператор обязан:

2.1.1. предоставлять Сервис на круглосуточной основе. Перечень услуг, входящих в Сервис, указан в разделе 4 настоящего Соглашения;

2.1.2. не разглашать сведения, представляющие коммерческую тайну Пользователя, если таковые стали известны ему при предоставлении Сервиса, обеспечить конфиденциальность персональных данных, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан, а также обеспечить безопасность персональных данных при их обработке в информационной системе.

2.2. Оператор вправе:

2.2.1. передать материалы и (или) информацию о Пользователе и его операциях на Сервисе в уполномоченные органы в случае выявления фактов нарушения налогового законодательства и законодательства в сфере производства и оборота отдельных видов нефтепродуктов, имеющего признаки уголовного правонарушения;

2.2.2. получать в качестве доверенного лица Пользователя токен безопасности для получения его персональных данных (сведений, составляющих коммерческую тайну), в том числе с использованием государственных и негосударственных сервисов контроля доступа к персональным данным.

3. Права и обязанности Пользователя

3.1. Пользователь обязан:

3.1.1. зарегистрироваться на Сервисе с электронной цифровой подписью (далее – ЭЦП);

3.1.2. не разглашать охраняемые законами Республики Казахстан сведения о контрагенте, если таковые стали известны ему при работе с Сервисом, обеспечить сохранность документов, содержащих такие сведения;

3.1.3. обеспечивать Оператору необходимый доступ к информации для выполнения Оператором своих обязательств по настоящему Соглашению;

3.1.4. по согласованию с Оператором скорректировать внутренние правила работы в той мере, в которой это будет необходимо для обеспечения безопасности проведения операций с использованием Сервиса, в том числе исключения возможности совершения неправомерных операций с его использованием;

3.1.5. не использовать материалы, содержащие вирусы или другое вредоносное программное обеспечение, не записывать пароли доступа на носителях информации, не передавать полученные идентификаторы доступа третьим лицам, использовать собственную ЭЦП;

3.1.6. вносить оплату за услуги Оператора согласно разделу 5 настоящего Соглашения.

3.2. Пользователь вправе:

3.2.1. иметь доступ к Сервису через Портал или через мобильное приложение;

3.2.2. производить через электронный кошелек Сервиса оплату акцизов на отдельные виды нефтепродуктов;

3.2.3. участвовать в пилотном проекте по учету и прослеживаемости отдельных видов нефтепродуктов с использованием Сервиса.

4. Порядок предоставления Сервиса

4.1. Сервис включает в себя функционал по:

4.1.1. предоставлению Оператором Пользователю доступа к Сервису посредством открытия и ведения лицевого счета / учетной записи Пользователя в Личном кабинете на Портале (далее – Личный кабинет);

4.1.2. подаче Пользователем заявки на присоединение к Соглашению (далее – Заявка) с указанием сведений, в том числе установленных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 6 января 2015 года № 4, по форме, согласно Приложению к настоящему Соглашению;

4.1.3. автоматической проверке данных о Пользователе и платежных документах посредством интеграционного взаимодействия Сервиса с информационными системами государственных органов;

4.1.4. автоматизированной онлайн-передаче Пользователем данных контрольных приборов учета нефтепродуктов посредством предоставленной Оператором точки приема данных (универсального API-интерфейса);

4.1.5. предоставлению в рабочее время линии консультаций – возможности в режиме реального времени получить ответы на вопросы по работе с Сервисом, которые:

- оказываются по актуальным версиям программного обеспечения Сервиса;

- предоставляются с 09:00ч. до 18:00ч. (по времени г. Астаны), обед с 13:00ч. до 14:00ч. по каналам связи (telegram-чат), указанным в Сервисе.

4.2. По мере развития Сервиса перечень услуг, входящих в него, может изменяться/расширяться Оператором.

4.3. Пользователь выражает согласие на сбор, хранение и обработку своих персональных данных в Сервисе и на Портале, если только это не противоречит законодательству Республики Казахстан.

Пользователь дает согласие на раскрытие налоговой тайны в соответствии со статьей 45 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» и Кодексом Республики Казахстан «О таможенном регулировании в Республике Казахстан».

5. Стоимость услуг Оператора, порядок и сроки расчетов

5.1. Оплата услуг Оператора производится, начиная с 1 января 2026 года, при подключении к Сервису, ежегодной пролонгации доступа к Сервису либо возобновлении доступа к Сервису на основании выставленного Оператором счета на оплату (сгенерированного Сервисом), при формировании в Личном кабинете Пользователем Заявки по форме, согласно Приложению к настоящему Соглашению.

5.2. Пользователь оплачивает за услуги Оператора в соответствии с Прейскурантом цен, опубликованным в открытом доступе на Портале.

5.3. Оплата производится на банковский счет Оператора по реквизитам, указанным в разделе 9 настоящего Соглашения.

5.4. Акт оказанных услуг выставляется Оператором исключительно в Личном кабинете в течение пяти календарных дней с даты подписания Пользователем Заявки.

5.5. Счет-фактура за оказанные услуги выписывается Оператором в электронной форме и публикуется в Информационной системе по приему и обработке счетов-фактур на веб-сайте esf.gov.kz.

5.6. При отсутствии оплаты за пользование Сервисом или при наличии задолженности у Пользователя, Оператор отказывает/прекращает предоставление доступа к Сервису посредством ограничения доступа к Личному кабинету Пользователя. Обслуживание может быть возобновлено после оплаты/погашения Пользователем задолженности в полном объеме.

6. Срок действия, порядок изменения и расторжения Соглашения

6.1. Соглашение вступает в силу с момента подачи Заявки и действует в течение текущего финансового года.

6.2. Соглашение может быть изменено Оператором в одностороннем порядке в любое время по решению Оператора. Основаниями для изменения в одностороннем порядке могут выступать только инициативы по повышению качества услуг, оказываемых Пользователю и/или государственным органам.

6.3. Соглашение может быть расторгнуто Оператором или Пользователем в одностороннем порядке в любое время.

7. Обстоятельства непреодолимой силы

7.1. Ни одна из Сторон не несет ответственности перед другой Стороной за задержку или невыполнение обязательств по настоящему Соглашению, обусловленные форс-мажорными обстоятельствами, возникшими помимо воли и желания Сторон, и которые нельзя было предвидеть или избежать.

7.2. Сторона, которая не исполняет свои обязательства по настоящему Соглашению, должна направить извещение другой Стороне о препятствии и его влиянии на исполнение своих обязательств.

8. Решение спорных вопросов

8.1. Все споры или разногласия, возникающие между Сторонами по настоящему Соглашению или в связи с ним, разрешаются путем переговоров между Сторонами.

8.2. В случае невозможности разрешения разногласий путем переговоров они подлежат рассмотрению в суде по месту нахождения Оператора в установленном законодательством порядке.

9. Юридический адрес и реквизиты Оператора

АО «Информационно-учетный центр»

010000, г. Астана, пр. Республики, д.29, БИН: 050540004455,

АО «Народный банк Казахстана», КБе: 16

БИК: HSBKKZKX, ИИК: KZ646010111000242071.

Приложение
к Типовому пользовательскому
соглашению по предоставлению доступа
к Сервису учета отдельных видов
нефтепродуктов «QazTrack»

АО «Информационно-учетный центр»
010000, г.Астана, пр. Республики, д.29

Заявка № ИИН/БИН-____
на присоединение к Типовому пользовательскому соглашению по
предоставлению доступа к Сервису учета отдельных видов
нефтепродуктов «QazTrack»

Настоящим _____,
(полное наименование на государственном и (или) русском языке)
именуемое в дальнейшем «Пользователь», присоединяется к Типовому
пользовательскому соглашению с АО «Информационно-учетный центр» по
предоставлению доступа к Сервису учета отдельных видов нефтепродуктов
«QazTrack» (далее – Соглашение), а также обязуется выполнять условия,
установленные Соглашением, утвержденным АО «Информационно-учетный
центр» и опубликованным в открытом доступе на веб-портале Qoldau.kz.

Прошу реализовать в моем Личном кабинете возможность выполнения
функций, предусмотренных разделом 4 Соглашения.

Реквизиты Пользователя:

1. Краткое наименование/фамилия, имя, отчество: _____
(в соответствии с Уставом)
 2. Идентификационный номер (БИН/ИИН): _____
 3. Адрес юридический: _____
(почтовый индекс) (в соответствии со справкой/свидетельством о государственной (пере)регистрации)
 4. Адрес фактический: _____
(почтовый индекс) (если отличается от юридического)
 5. Телефоны/Факс: _____
(включая код населенного пункта)
 6. Электронная почта и другие способы связи: _____
 7. Банковские реквизиты: _____
(наименование и реквизиты обслуживающего банка)
- Банковский идентификационный код (БИК): _____
- Код бенефициара (КБЕ): _____
- Индивидуальный идентификационный код (ИИК): _____

8. Виды деятельности:

- ☐ производство;
- ☐ оптовая и (или) розничная реализация с баз нефтепродуктов (резервуаров);
- ☐ оптовая реализация с баз нефтепродуктов (резервуаров);
- ☐ розничная реализация с баз нефтепродуктов (резервуаров);
- ☐ розничная реализация с автозаправочных станций.

9. Виды нефтепродукта:

- ☐ бензин (кроме авиационного);
- ☐ дизельное топливо;
- ☐ газохол;
- ☐ бензанол;
- ☐ нефрас;
- ☐ смесь легких углеводородов;
- ☐ экологическое топливо;
- ☐ авиационное топливо;
- ☐ мазут;
- ☐ дорожный битум.

10. Дата и номер уведомления о начале деятельности:

1) по производству: от ____ №_____;

2) по оптовой и (или) розничной реализации: от ____ №_____.

11. Пользователь/Первый руководитель Пользователя: _____
(фамилия, имя, при наличии – отчество и ИИН)

Пользователь подтверждает, что ознакомлен с Соглашением, обязуется выполнять его условия и принимает все внесенные впоследствии изменения и дополнения в Соглашение.

Подписано и отправлено Пользователем в 00:00 часов «__» ____ 20__ года:
Данные из ЭЦП (дата и время подписания ЭЦП).